

Протокол

Сводная таблица замечаний и предложений по Заявлению о намечаемой деятельности ТОО «Батыс Котло Монтаж» «Строительство скотомогильника в с.Нурсай, Теренкульского с/о, Казталовского района ЗКО» от 4 июля 2025 года №KZ53RYS01242375

Дата составления сводной таблицы: 31.08.2025 г.

Место составления сводной таблицы: Департамент экологии по Западно-Казахстанской области КЭРК МЭПР РК

Наименование уполномоченного органа в области охраны окружающей среды: Департамент экологии по Западно-Казахстанской области КЭРК МЭПР РК

Дата извещения о сборе замечаний и предложений заинтересованных государственных органов: 08.07. 2025 г.

Срок предоставления замечаний и предложений заинтересованных государственных органов: 08.07.2025 - 28.07.2025 г.

Замечания и предложения заинтересованных государственных органов:

№	Заинтересованный государственный орган	Замечания и предложения
1	Акимат Западно-Казахстанской области Управление природных ресурсов и регулирования природопользования ЗКО	Замечания и предложения (письмо от 11.07.2025г. №4-12/1260) БҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Батыс Котло Монтаж» ЖШС-нің белгіленіп отырған қызметі туралы 2025 жылғы 04 шілдедегі №KZ53RYS01242375 өтінішін қарастырып «Орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен, «Батыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінен, «Жайық–Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінен және «Жайық-Каспий су ресурстарын пайдалануды және қорғауды реттеу жөніндегі бассейндік инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінен келісім алу керектігін және ресми интернет-ресурсқа 2025 жылдың 10 шілдесінде орналастырылғандығын хабарлаймыз.
2	Западно-Казахстанский межрегиональный департамент геологии Комитета геологии Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан «Запказнедра»;	Замечания и предложения (письмо от 09.07.2025г. №26-10-10-1345) Согласно статьи 64 Кодекса РК «О недрах и недропользовании» №125-VI ЗРК от 27.12.2017г. территориальное подразделение Уполномоченного органа по изучению недр реализует государственную политику в области геологического изучения недр и использования пространства недр. Принимая во внимание вышеизложенное, сообщаем, что Департамент не является заинтересованным государственным органом в намечаемой деятельности компаний.
3	Жайык-Каспийская бассейновая инспекция по регулированию, охране и использованию водных ресурсов Комитета по регулированию, охране и	Замечания и предложения (письмо от 22.07.2025г. №28-7/1696. 1.Осуществление запланированных мероприятий на территории водных объектов и их водоохранных зон и полос (устанавливаемых акимами соответствующих областей), не связанных со строительством (или строительством), осуществляется с учетом запретов, ограничений, установленных в соответствии с

использованию водных ресурсов Министерства водных ресурсов и ирригации Республики Казахстан	требованиями статьи 86 Водного кодекса Республики Казахстан, а именно: На поверхностных водных объектах: 1.1. Проводить поисково-оценочные работы и изъятие подземных вод, операции по разведке или добыче углеводородов в казахстанском секторе Каспийского моря, а также операции по недропользованию, за исключением поисковиков, поваренной соли, добычи лечебных грязей; производить работы с радиоактивными и ядовитыми веществами, твердыми бытовыми и производственными отходами, ядохимикатами, удобрениями, загрязнению и засорению нефтехимическими продуктами в твердом и жидком виде; сбросу неочищенных сточных вод до нормативов допустимых сбросов; получать и (или) использовать воду без утвержденного водного режима и разрешения на специальное водопользование; разводить и санитарную обработку сельскохозяйственных животных; проводить работы и иные работы, связанные со строительной деятельностью, сельскохозяйственными работами, бурением скважин, санацией поверхностных водных объектов без согласования с бассейновой водной инспекцией; эксплуатировать выведенные (поврежденные) суда и иные суда запрещается захоронение средств, транспортных средств (их механизмов и частей). 1.2. В пределах водоохранных полос запрещается предоставление земельных участков для ведения любого вида хозяйственной деятельности, а также хозяйственной и иной деятельности, к этому запрету относятся следующие условия: водохозяйственные сооружения и их коммуникации; мосты, мостовые сооружения; причалы, порты, пирсы и другие объекты водного транспорта, рыбных ресурсов и другие иных объектов инфраструктуры, связанных с охраной водных животных, рыболовством и аквакультурной деятельностью; строительство и эксплуатация рыбоводных прудов, рыбоводных бассейнов и рыбоводных объектов, а также коммуникаций к ним; игровых и спортивных площадок для детей без капитального строительства зданий и сооружений, пляжей, аквапарков и других рекреационных зон; пунктов наблюдения за показателями состояния водных объектов; укрепление побережья, лесоводство и озеленение; в подпункт 1) пункта 1 статьи не входит разрешенная деятельность. 1.3. В пределах водоохранных зон: ввод в эксплуатацию новых и реконструированных объектов, не обеспеченных сооружениями и устройствами, предотвращающими загрязнение и засорение поверхностных водных объектов, водоохранных зон и полос; размещение и строительство автозаправочных станций, складов для хранения нефтепродуктов, пунктов технического осмотра, обслуживания, ремонта и мойки транспортных средств и сельскохозяйственной техники; запрещается размещение и строительство складов и площадок для хранения и применения удобрений, пестицидов, ядохимикатов, навоза. При необходимости проведения принудительной санитарной обработки в водоохранной зоне допускается применение малотоксичных и средних, легко уничтожаемых пестицидов; размещение и размещение отходов твердых бытовых и промышленных отходов; размещение кладбищ; на выпас сельскохозяйственных животных, превышающий норму нагрузки, размещение животноводческих хозяйств, убойных площадок (площадок по убою сельскохозяйственных животных),
--	---

		скотомогильников (биотермических ям), специальных хранилищ (захоронений) пестицидов и их емкостей; накопителей сточных вод, полей орошения сточными водами, а также радиационных химических, запрещается размещение микробиологических, токсикологических и других объектов, представляющих опасность паразитологического загрязнения. 2. Объекты, размещение которых не противоречит положениям настоящей статьи, должны быть обеспечены замкнутыми (бессточными) системами технического водоснабжения и (или) сооружениями и устройствами, предотвращающими загрязнение, засорение и истощение водных объектов, водоохраных зон и полос, а также обеспечивающими предупреждение вредного воздействия вод. Порядок хозяйственной деятельности на водных объектах, водоохраных зонах и полосах определяется в рамках проектов, согласованных с бассейновыми водными инспекциями, государственным органом в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения, местными исполнительными органами области, города республиканского значения, столицы и иными заинтересованными государственными органами. 3. Проекты строительства транспортных или инженерных коммуникаций через территорию водных объектов должны предусматривать проведение мероприятий, обеспечивающих прохождение паводковых вод, режим эксплуатации водных объектов, предотвращение загрязнения, засорения и истощения вод, предупреждение их вредного воздействия. Кроме того, использование поверхностных и (или) подземных водных ресурсов для осуществления планируемой деятельности на воде без изъятия или изъятия непосредственно из водного объекта допускается только при наличии специального разрешения на водопользование в соответствии с требованиями статьи 45 Водного кодекса Республики Казахстан. Кроме того, по подпункту 4 пункта 1 статьи 25 Кодекса Республики Казахстан «О недрах и недропользовании» с 1 января 2023 года запрещается проведение операций по недропользованию на территории земель водного фонда.
4	Управление земельных отношений Западно-Казахстанской области	Замечаний и предложений нет (письмо от 10.07.2025г. №4-6/955).
5	Департамент по чрезвычайным ситуациям ЗКО Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан по Западно-Казахстанской области	Замечаний и предложений нет (письмо от 14.07.2025г. №21-15-8-8/3397).
6	Департамент санитарно-эпидемиологического контроля Западно-Казахстанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства	Замечания и предложения (письмо от 29.07.2025г. №23-28-8-12/2091 - И): Батыс Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті, Сіздің хатыңызға сәйкес Батыс Қазақстан облысы бойынша Экология департаменті «Батыс Котло Монтаж» ЖШС-нің белгіленіп отырған қызметі туралы 2025 жылғы 04 шілдедегі №KZ53RYS01242375 өтініші бойынша Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданының Теренкөл а/о, Нұрсай ауылында мал қорымын салу қарастырылып отыр және оған қоса берілген басқа да

	здравоохранения Республики Казахстан	материалдар бойынша ұыныстар мен ескертулер беру туралы хатыңызға, келесідей мәлімдейміз. Құрылыс жұмыстарын жүргізу барысында "Құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және іске қосу, пайдалану кезінде еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын санитариялық -эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 16 маусымдағы № ҚР ДСМ - 49 бұйрығының талаптарына сәйкес жұмыс беруші осы санитариялық қағидалар талаптарына жауап беретін еңбек жағдайын үнемі қолдауды қамтамасыз етуді, жұмыс орындарында (жұмыс аймақтарында) зиянды өндірістік факторлардың рұқсат етілген шекті деңгейлері мен шоғырлануын сақтау мүмкін болмаған жағдайда, жұмыскерлерді жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етуді және уақытпен қорғану қағидатын басшылыққа алуды ұсынамыз. Сондай-ақ, ведомстводан тыс кешенді сараптама мекемесіне сараптама жасау үшін жұмыс жобасын ұсынған кезде, жоба дайындаушы субъект тарапынан, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарының сақталуы және жұмыс жобасында қамтуылуы қажет екенін мәлімдейміз.
7	Западно–Казахстанская областная территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан	Замечания и предложения (письмо от 09.07.2025г. №2-12/412): Өтінішінің сипаттамасы бойынша, сұратылып отырған жер учаскесі «Бөкейорда» мемлекеттік табиғи резерватының аумағына кіретіні жөнінде қаперіңізге саламыз. Бұдан басқа жұмыстарды жүргізу кезінде, 2023 жылғы 2 қаңтардағы № 183-VII ҚРЗ «Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36, 45 баптарын және Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 17 бабының талаптарын ескеру қажет екенін қаперіңізге саламыз.
8	Управление строительства Западно-Казахстанской области	Не представлено
9	Акимат Казталовского района	Не представлено
10	Заинтересованная общественность	Не представлено

«БҚО, Казталов ауданы Тереңкөл ауылдық округі Нұрсай ауылындағы мал қорымының құрылысы» «Батыс Котло Монтаж» ЖШС-нің белгіленіп отырған қызметі туралы 2025 жылғы 4 шілдегі №KZ53RYS01242375 өтініші бойынша ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі.

Хаттама

Жиынтық кесте жасалған күні: 31.07.2025 ж.

Жиынтық кесте жасалған орын: ҚР ЭТРМ ЭРБК Батыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның атауы: ҚР ЭТРМ ЭРБК Батыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинау туралы хабарланған күн: 08.07.2025 ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын беру мерзімі: 08.07.2025 – 28.07.2025 ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинақтау:

№	Мүдделі мемлекеттік орган	Ескерту мен ұсыныстар
1	Батыс Қазақстан облысының әкімдігі Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы;	Ұсыныстар мен ескертулер (11.07.2025ж. №4-12/1260хаты): БҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Батыс Котло Монтаж» ЖШС-нің белгіленіп отырған қызметі туралы 2025 жылғы 04 шілдедегі №KZ53RYS01242375 өтінішін қарастырып «Орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен, «Батыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінен, «Жайық–Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінен және «Жайық-Каспий су ресурстарын пайдалануды және қорғауды реттеу жөніндегі бассейндік инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінен келісім алу керектігін және ресми интернет-ресурсқа 2025 жылдың 10 шілдесінде орналастырылғандығын хабарлаймыз.
2	Қазақстан Республикасының өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Геология комитетінің «Батысқазжерқойнауы» Батыс Қазақстан өңіраралық геология департаменті;	Ұсыныстар мен ескертулер (09.07.2025ж. №26-10-10-1345 хаты): Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 125-VI ҚРЗ «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексінің 64-бабына сәйкес, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі және жер қойнауын геологиялық зерттеу және жер қойнауын кеңістігін пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаты іске асырады. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Департамент компанияның жоспарланған қызметіне мүдделі мемлекеттік орган болып табылмайтындығын хабарлаймыз.
3	Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су	Ұсыныстар мен ескертулер (22.07.2025ж. №28-7/1696 хаты): 1.Су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің аумағында (тиісті облыстардың әкімдері белгілейтін) құрылысқа (немесе салуға байланысты емес) жоспарланған іс-

ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы;	шараларды жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Су кодексінің 86 бабының талаптарына сәйкес белгіленген тыйымдар, шектеулері ескеріле отырып жүзеге асырылады, атап айтқанда: Жерүсті су объектілерінде: 1.1. жерасты суларына іздеу-бағалау жұмыстарын және оларды алуды, Каспий теңізінің қазақстандық секторында көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды, сондай-ақ кен іздеушілікті, ас тұзын, емдік балшықтар өндіруді қоспағанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге; радиоактивті және улы заттармен, тұрмыстық қатты және өндірістік қалдықтармен, улы химикаттармен, тыңайтқыштармен, қатты және сұйық түрдегі мұнай, химия өнімдерімен ластауға және қоқыстауға; жол берілетін төгінділер нормативтеріне дейін тазартылмаған сарқынды суларды ағызуға; бекітілген су режимінсіз және арнаулы су пайдалануға рұқсатсыз суды алуға және (немесе) пайдалануға; ауыл шаруашылығы жануарларын тоғытуға және санитариялық өңдеуге; бассейндік су инспекциясының келісімінсіз құрылыс қызметіне, ауыл шаруашылығы жұмыстарына, ұңғымаларды бұрғылауға, жерүсті су объектілерін санациялауға байланысты жұмыстарды және өзге де жұмыстарды жүргізуге; пайдаланудан шығарылған (бүлінген) кемелерді және өзге де жүзу құралдарын, көлік құралдарын (олардың тетіктері мен бөліктерін) көмуге тыйым салынады. 1.2. Су қорғау белдеулері шегінде шаруашылық қызметтің кез келген түріне, сондай-ақ шаруашылық және өзге де қызметті жүргізу үшін жер учаскелерін беруге тыйым салынады, бұл тыйымға мынадай жағдайлар: мыналарды: су шаруашылығы құрылысжайлары мен олардың коммуникацияларын; көпірлерді, көпір құрылысжайларын; айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі, балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау, балық аулау мен аквашаруашылық қызметіне байланысты өзге де инфрақұрылым объектілерін; балық өсіретін тоғандарды, балық өсіретін бассейндер мен балық өсіретін объектілерді, сондай-ақ оларға коммуникацияларды; ғимараттар мен құрылысжайлардың күрделі құрылысынсыз балаларға арналған ойын және спорт алаңдарын, жағажайларды, аквапарктерді және басқа да рекреациялық аймақтарды; су объектілері жай-күйінің көрсеткіштерін байқау пункттерін салу және пайдалану; жағалауды нығайту, ағаш өсіру және көгалдандыру; осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында рұқсат етілген қызмет кірмейді. 1.3. Су қорғау аймақтары шегінде: жерүсті су объектілерінің, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылысжайлармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге; автожанармай құю станцияларын, мұнай өнімдерін сақтауға арналған қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасын техникалық қарап-тексеру, оларға қызмет көрсету, жөндеу және жуу пункттерін орналастыруға және салуға; тыңайтқыштарды, пестицидтерді, улы химикаттарды, көңді сақтауға және оларды қолдануға арналған қоймалар мен алаңдарды орналастыруға және салуға тыйым салынады. Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған кезде уыттылығы аз және орташа, жойылуы оңай пестицидтерді қолдануға жол беріледі; тұрмыстық қатты және өнеркәсіптік қалдықтардың үйінділерін орналастыруға және жайғастыруға; зираттарды орналастыруға; жүктеме
--	--

		нормасынан асатын ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға, мал шаруашылықтарын, мал сою алаңдарын (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарын), мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), пестицидтердің арнаулы қоймаларын (көмінділерін) және олардың ыдыстарын орналастыруға; сарқынды суларды жинақтағыштарды, сарқынды сулармен суару алқаптарын, сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының радиациялық, химиялық, микробиологиялық, токсикологиялық және паразитологиялық ластану қаупін туғызатын басқа да объектілерді орналастыруға тыйым салынады. 2. Орналастырылуы осы баптың ережелеріне қайшы келмейтін объектілер су объектілерінің, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбайтын, сондай-ақ судың зиянды әсерінің алдын алуды қамтамасыз ететін техникалық сумен жабдықтаудың тұйық (ағынсыз) жүйелерімен және (немесе) құрылысжайлармен және құрылғылармен қамтамасыз етілуге тиіс. 3. Су объектілеріндегі, су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі шаруашылық қызмет тәртібі бассейндік су инспекцияларымен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен және өзге де мүдделі мемлекеттік органдармен келісілген жобалар шеңберінде айқындалады. 4. Көлік немесе инженерлік коммуникацияларды су объектілерінің аумағы арқылы салу жобалары тасқын сулардың өтуін, су объектілерін пайдалану режимін, сулардың ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбауды, олардың зиянды әсерінің алдын алуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүргізуді көздеуге тиіс. 5. Судағы жоспарланған қызметті жүзеге асыру үшін су объектісінен тікелей су объектісінен алуды немесе алмай-ақ жер үсті және (немесе) жер асты су ресурстарын пайдалануға Қазақстан Республикасының Су кодексінің 45 бабының талаптарына сәйкес арнайы су пайдалану рұқсаты болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексінің 25-бабының 1-тармағы 4 тармақшасы бойынша 2023 жылдың 1 қаңтарынан су қоры жерлерінің аумағында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізуге тыйым салынады.
4	Батыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы	Ұсыныстар мен ескертулер жоқ (10.07.2025ж. №4-6/955хаты)
5	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министірлігі Батыс Қазақстан облысының төтенше жағдайлар департаменті	Ұсыныстар мен ескертулер жоқ (14.07.2025ж. №21-15-8-8/3397 хаты)
6	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық	Ұсыныстар мен ескертулер жоқ (29.07.2025ж. №23-28-8-12/2091-И хаты) Батыс Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті, Сіздің хатыңызға сәйкес Батыс Қазақстан облысы бойынша Экология департаменті «Батыс Котло Монтаж» ЖШС-нің белгіленіп отырған қызметі туралы 2025 жылғы 04 шілдедегі

	бақылау комитеті Батыс Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық департаменті	№KZ53RYS01242375 өтініші бойынша Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданының Теренкөл а/о, Нұрсай ауылында мал қорымын салу қарастырылып отыр және оған қоса берілген басқа да материалдар бойынша ұыныстар мен ескертулер беру туралы хатыңызға, келесідей мәлімдейміз. Құрылыс жұмыстарын жүргізу барысында "Құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және іске қосу, пайдалану кезінде еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын санитариялық -эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 16 маусымдағы № ҚР ДСМ - 49 бұйрығының талаптарына сәйкес жұмыс беруші осы санитариялық қағидалар талаптарына жауап беретін еңбек жағдайын үнемі қолдауды қамтамасыз етуді, жұмыс орындарында (жұмыс аймақтарында) зиянды өндірістік факторлардың рұқсат етілген шекті деңгейлері мен шоғырлануын сақтау мүмкін болмаған жағдайда, жұмыскерлерді жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етуді және уақытпен қорғану қағидатын басшылыққа алуды ұсынамыз. Сондай-ақ, ведомстводан тыс кешенді сараптама мекемесіне сараптама жасау үшін жұмыс жобасын ұсынған кезде, жоба дайындаушы субъект тарапынан, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарының сақталуы және жұмыс жобасында қамтуылуы қажет екенін мәлімдейміз.
7	Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Батыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы	Ұсыныстар мен ескертулер жоқ (09.07.2025ж. №2-12/412- хаты) Өтінішінің сипаттамасы бойынша, сұратылып отырған жер учаскесі «Бөкейорда» мемлекеттік табиғи резерватының аумағына кіретіні жөнінде қаперіңізге саламыз. Бұдан басқа жұмыстарды жүргізу кезінде, 2023 жылғы 2 қаңтардағы № 183-VII ҚРЗ «Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36, 45 баптарын және Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 17 бабының талаптарын ескеру қажет екенін қаперіңізге саламыз.
8	Батыс Қазақстан облысының құрылыс басқармасы	Ұсынылған жоқ
9	Казталов ауданының әкімдігі	Ұсынылған жоқ
10	Мүдделі жұртшылық	Ұсынылған жоқ